

егемен

Қазықаспан

Әділ Бек

– Осы керек пе өзі?

Өзара келісіп ала ма, немене, өзі жайында жазбақ ойыңыз барын білдірсеңіз болды, Президент айналасындағы біраз адам әңгімені өзіңізге осындай қарсы сұрақ қоюдан бастайды. Мұның негізгі себебі қанға сіңген кішіліктен де бұрын, қай елдің де истеблишментінде ежелден қалыптасқан қызмет этикасы сияқты. Сонда да, неге керек емес? Керек. Елдігімізді еңселеткен ең алдымен ел халқының өзі, елін ең биік белестерге батылдықпен, білгірлікпен бастаған Елбасымыз екені – екі бастан белгілі, бүгінде айдай әлем таныған жай. Сонымен бірге, осы он бес жылдың ішінде көп ұлтты халқының қамы үшін түн қатып, түс қашып, аттан түспеген Азаматтың атын ерттесіп, қай қызметіңізге де жараймыз деп серттесіп, адал жолдан айнымаған, жорық тұлпарындай жоралыққа жараған адамдар бар емес пе? Бар ғой. Оларды тым құрығанда бес жылда, он жылда бір, Тәуелсіздік тойы тұсында таныстырып қойған айып па? Айып емес. Қайта жақсының жақсылығын айтпау айып. Оның үстіне қазіргі жұрттың біразы қазақтың: “Жаманның жамандығын айт – құты қашсын, жақсының жақсылығын айт – нұры тассын” деген мақалын бел ортасынан қырқып тастаған, әсіресе, мемлекеттік қызметкерлерге келгенде қаламымыз тұсаулы аттай бола қалады.

Әділін айтсақ, жақсылығы жайында жеткілікті жазылмай жүрген жандардың бірі – Әділбек Жақсыбеков. Оған да кінәлі біреу болса — өзі. Бізбен әңгімені де: “Осы керек пе өзі?” деп бастаған еді.

Бұл кісінің атына қанық болғаным да біраз жыл. Кезінде Кинокомитетте бір бөлімде жұмыс істегенімізде Сләмбек Тәуекел айтып отыратын, кейін “Батыр Баян” фильмін түсіруге қаржылық көмек көрсеткеніне разылығын білдіріп жүретін. Режиссер Сергей Әзімовтен де жылы пікірлер естігенім есте. Бүкілодақтық кинематография институтында (ВГИК) бірге оқыған екен. Киноны қалай таңдап жүргенін сұрағанымызда Әділбек Рыскелдіұлының өзі былай айтқан: “Ол кезде кім киноны жақсы көрмейтін? ВГИК мен үшін ерекше өмір мектебі болды. Сол тұста елдегі еркін ой отауының бірі ВГИК еді ғой. Мәскеуге бір келгенінде достарымызбен айтатын

әңгімелерімізді естіп зәресі ұшқан анамның: “Балам-ай, осы жерден аман-есен шықсаң екен өзі” дегені де бар...”. Рас, институтты бітірген соң республикалық кинокомитетте, облыстық кинопрокат басқармасында төрт жыл шамасындай жұмыс істегені, “Цесна” корпорациясының президенті қызметінде жүргенде продюсерлікпен айналысқаны болмаса, кейін Әділбек Рыскелдіұлының жолы кинематографпен түйісе қойған жоқ. Бірақ, сонау ВГИК-тен, Кино үйіндегі атмосферадан келе жатқан еркін ойлау машығы, өзін еркін ұстау машығы, ең бастысы – қандай іске де шығармашылықпен кірісу машығы оған өмір бойы көмек беріп келеді дей аламыз.

Мұнан кейін біз Әділбек Жақсыбековті шаруасын дөңгелентіп тұрған кәсіпкер, бизнесмен ретінде таныдық. Астананың Ақмолаға ауысатынының басы ашылғаннан кейін-ақ әркім-әркім осы жаққа келгіштей бастаған, сонда “Цесна” деген корпорацияның, оны басқаратын Жақсыбеков деген жомарт азаматтың аты Алматыға да жетіп жататын. Күндердің бір күнінде сол Жақсыбеков Парламент Сенатына депутат болып сайланды. “Мені саясатқа Президенттің бір ауыз сөзі алып келді. Астананы Арқаға ауыстырудың жайымен Ақмолаға келген сапарында Нұрсұлтан Әбішұлы бір топ кәсіпкерлердің басын қосып, әңгіме өткізді. “Сіздер жаңа экономика жағдайында жұмыс істеудің дағдысын меңгердіңіздер, енді оны саясатта да көрсету керек”, деді Президент. Бұдан гөрі жастау, әлдеқайда романтик кезіміз, Елбасының өзі айтып тұрған бұл сөз маған қатты әсер етті. Көп уақыт өтпей менің кандидатурамды Сенат депутаттығына ұсыну жөнінде әңгіме көтерілгенде қарсылық білдіргенім жоқ. Материалдық тұрғыдан ойсырап ұтылғаным рас, бірақ, шын сөзім, мен саясатқа Президентке титтей де болса көмек көрсету үшін келген едім”, деп еске түсіреді Әділбек Рыскелдіұлы. Бұл азаматтың ағынан жарыла айтқан адал сөзі екендігіне оның осы жылдардағы жанкешті жұмысы айғақ.

Жанкешті жұмыс... Әділбек Жақсыбековтің Астана қаласының әкімі қызметінде өткізген алты жылдай уақыт аралығын дәл осылай сипаттаудың артық-кемі жоқ. Жасыратын несі бар, Президент 1994 жылы астананы Ақмолаға ауыстыру жөнінде бастама көтергенде жұрттың бәрі

бірдей желпілдей кетпегенінің көп себебінің бірі – қаланың сондайлық сұрқай кейпі болатын. Өзіміз де 1997 жылдың қоңыр күзінде алғашқылар қатарында көшіп келгенімізде (біздің алдымызға “Қазақстан” телеарнасының болашақ астанадан тікелей хабар таратуын қамтамасыз ету міндеті қойылған-ды) Ақмоланың жерге жабысқан жертөледей үйлерін, шалшығы шылқыған көшелерін көріп, “Ойпырай, талай жыл бойы неміс азаматы басқарған облыстың да орталығы осындай болады екен-ау” деп айран-асыр қалғанымыз бар. “Еуразия жүрегінде” кітабында Президенттің өзі де жазды ғой: “үлкендігі бармақтай масалар, кестемен берілетін су, киімшең ұйықтау, суық қысқы түндер, үрей ұшырарлықтай жәйттер. Тіпті облыс әкімі өз кабинетінде пальтомен отырады, жанында жылытқыш... Онда басқа үй-жайларда жылу қайдан болсын... бұл не қылған әкім деп ойлағаным есімде. Қашаннан жұмыс істейді, қаланың жылуын жолға қоя алмаған”, деп. Осының артынша Нұрсұлтан Назарбаев мынаны айтады: “Астананың дамуына жаңа елорданың бұрынғы әкімі Әділбек Жақсыбеков зор үлес қосты. Қала инфрақұрылымы тіршілігіне байланысты болған қаланың барлық қызметінің жұмысы нақ соның арқасында тиісті деңгейге жеткізілді. Коммуналдық шаруашылықты, денсаулық сақтауды, сумен жабдықтауды, білім беруді, қаржы бөлуді және энергетиканы күн сайын, сағат сайын қадағалап, үйлестіре білді. Ә.Жақсыбеков қалалық “гомеостазистің” барлық маңызды элементінің қызметін бірқалыпты жұмыс істейтін, айтар едім, астаналық деңгейге көтерді”.

Солай: күн сайын, сағат сайын қадағалап, үйлестіре білді. Президенттің “Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы” Жарлығы 1997 жылғы 20 қазанда шықты, сол Жарлыққа сәйкес Ақмола астана құқығын 10 желтоқсаннан бастап иеленетін болды. Ә.Жақсыбеков сол күні (айтқандай, оған дәл ертең дәл тоғыз жыл толғалы тұр) қала әкімі қызметіне тағайындалды. Арада үш күн өткенде, Тәуелсіздік тойына үш күн қалғанда... қала апат жағдайының сәл-ақ алдында тұрды...

Бәрі де көз алдымызда. Телерадиокорпорацияда бірінші вице-президент кезіміз. Түн болып қалған. Жұмыстан қайтқалы жатқанбыз. Алдымен жарық сөнді. Абырой болғанда,

Ақмоладан тікелей шығатын “Ақшам” жаңалықтар бағдарламасы аяқталып, эфир Алматыға ауысып үлгерген еді. Қаланың о шеті, бұ шетіндегі таныстарымызға хабарлассақ... еш жерде жарық жоқ... Үйге келсек, бұрын да онша қайнап тұрмайтын батареялар жылымшы күйге түсіп қалыпты. Кейін білсек, негізгі екі ТЭЦ қатарынан істен шыққан екен, шет жақтағы шағын бір жылу орталығынан жетіп тұрған аз ғана қуат болмағанда Ақмола да сол жылы қыс ортасында қатып қалған Көкшетаудың күйін кешер ме еді, кім біледі. Сол күндерде, сол түндерде Әділбек Рыскелдіұлы таңды таңға ұрып, аварияның басы-қасында болды, жанұшыра жүріп жағдайды бір тәуліктің ішінде қалпына келтірді. Қала мерекені жарықпен, жылумен қарсы алды.

Қыс түссе қарға бөгіп, жаз шықса масаға таланып, күз келсе шалшыққа малшынып, көктем туса көшесі ойылып жататын Ақмоладан астана жасау – Елбасымыздың келер ұрпақ аңыз етіп айта жүрер ерлігі. Санкт-Петербургті салдыртып, Еуропаға терезе ашарда осындай қадам жасаған Ресей императоры Бірінші Петрді орыс тарихы аспандата ардақтайды. Әділбек Жақсыбеков сол жылдарда Елбасының өзін екі күннің бірінде елеңдетіп отырған елорданың ең қиын, ең түйінді мәселелерін шешуде Президентке жанын сала жәрдемдесті, Астананың ажарын ашуға аянбай атсалысты. “Қазір айтып отырса нанғысыз көрінуі мүмкін, біз алғашқы кезде азық-түлік дүкендеріне де кіріп, нан сатушылардың қолына жылтыр қолғап киетін-кимейтініне дейін қадағалайтынбыз, әйтпесе үйренген әдетімен әркімге жалаңаш қолымен нан үлестіре салатындар да табылатын. Тіпті шаштараз, моншаларға барып, тазалығын тексеріп тұратынбыз, “Айналайындар-ау, мына қала астана болды ғой, Алматыдан келгендерден ұят қой, кішкене бойды жинасандаршы, ширасандаршы” деп шыр-пырымыз шығып жүретін”, дейді Әділбек Рыскелдіұлы. Қала мәдениетін көтеру де оңайға түскен жоқ. Мұнда ақыр-аяғы филармонияның өзі де болмайтын. Осындайда бір оқиға ойға оралады. Қаланың 1998 жылғы жазда өткен тұсаукесерінің алдында облыстардың мәдениет күндері ұйымдастырылды. Павлодарлықтар қойған концертте жүргізуші: “Мұхамеджанов. Романс. “Жарқ етпес қара көңілім не қылса да” деп хабарлады келесі нөмірді.

Шаһмардан Әбілов келістіре орындап берді. Жұрт әбден риза болды. Риза болғаны сондай, “Автора! Автора!” деп айқайға басушылар да табылды. Бірінші қатарда қала әкімінің сол кездегі орынбасары, композитор Төлеген Мұхамеджанов отырған, өзін айтып жатқанын біліп, қарадан-қарап қысылып барады. Жиналған жұртшылық та табанды екен, қоярда қоймай ақыры өмірден өткеніне отыз жылдай болған Сыдық Мұхамеджановтың орнына Төлеген Мұхамеджановты орнынан тұрғызып барып бір-ақ тыншыды... “Сол кезде мерекеден мереке жалғастырып, карнавалды көбейтіп жіберіп едіңіздер...”, дейміз жақында жолыққанда. “Қайтейік енді, ол кезде карнавалдан басқа көрсететін ештеңеміз де жоқ еді ғой, бізге қалайда Астана атын жаңғырта беру, еске сала беру, жарнамалата беру керек болды ғой”, дейді Әділбек Рыскелдіұлы. Онысы да рас енді.

Алғашқы жылдарда қалада қазіргідей ақша да көп емес еді. Мысалы, 2002 жылы қала қазынасына түскен қаржы 53 млрд. теңгені құраса, содан бес-ақ жыл бұрын бұл сома 11 млрд-қа да жетпейтін. Құрылыс та бірден қарқын алып кете қойған жоқ. Салынып біткен әр ғимарат, ашылған әр дүкен теледидардан көрсетіліп жататын. Қазір көп шағын ресторанның бірі болып қалған “Әдемді” Президенттің өзі барып ашып бергені, соны теледидардан көрсеткеніміз есте. Бүгінде ғой ондай оқиғаға қала әкімі де назар аудара қоймайды. Иә, Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің жан-жүрегін жарып шыққан өскіннің жапырақ жайып, жайқалған Бәйтерекке айналғанын қазір көріп отыр, ал ол тұста Елбасы Арқа төсіне еккен Астана атты көшетінің әрбір атқан бүршігіне дейін назар аударып, мәпелейтін. Сол көшеттің уақтылы суарылуы, желден жығылмай, аяздан үсімей жетіліп кетуі қала құрылысының бастауында болған, жұмыстың қызған шағында жанын жеп, жүйкесін жұқартып жүрген азаматтардың арқасы. Солардың басында Президент өз кітабында “қажымайтын, талмайтын” деп сипаттаған Әділбек Жақсыбеков тұрды.

Тағдыр Әділбек Жақсыбековке ел өмірінде өз ізін қалдыруына бірнеше тамаша мүмкіндік жасады. Ақмоланың астанаға айналған бірінші күнінен бастап қала әкімі қызметіне кірісіп, елорданың қалыптасуындағы ең қиын, ең жауапты кезеңде осындағы барша шаруаға бас-көз болу бақытын иеленді. Сол

жылдарда Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей қамқорлығымен, қадағалауымен қаншама әкімшілік ғимараты, қаншама тұрғын үй, қаншама дүкен, қаншама мектеп салынды десеңізші. Астана мәрі сол тапсырмалардың бәрі дер кезінде, тап-тұйнақтай орындалуын қамтамасыз ете білді. Өзі де шамасы келгенше ұлтжандылық танытатын, қолындағы бар билігін пайдаланып, қазақ мектептерін жоспарлатуға, салдыртуға, жарактандыруға күш-жігер жұмсап жататын, сондайын білгеннен кейін де біз, журналистер қауымы, әкімнің өзінің қазақшаны төгілтіп сөйлей қоймайтынына кеңшілік көрсететінбіз.

Көзге түсуге ұмтыла қоймайтын, көп сөзге жоқ Әділбек Рыскелдіұлы сырт көзге қарапайымдау көрінгенімен, аз ғана араласқан адамының өзін мемлекеттік мәселелер жөнінде ордалы ойларымен тәнті ететін азамат. Мысалы, астананы ауыстырудың ел өміріндегі орны жөнінде былай дейді: “Астана көшірілгеннен кейін Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік дамуында өркенді өзгерістер басталғанында терең мән-мағына бар. Бұл арада біз жетпіс жылдай бойы ел байтағы міндетін абыроймен атқарып келген Алматының инфрақұрылымдық, экологиялық күрделі мәселелердің қыспағында қалғандығын, астана ретінде дамуының резервтері сарқылуға айналғандығын ғана айтқалы тұрған жоқпыз. Бұл жағы Президент кітабында жеріне жеткізе жазылған. Сонымен қоса кешегі кеңестік кезеңнің еңсені езген психологиялық кедергілерінің де өзіндік рөлі болғанын ескеруіміз керек. Астананы Арқа төсіне ауыстыруды ұсыну арқылы Президент өз отандастарының жаңа ортаға, жаңа жағдайға, жаңа болмыс-бітімге, жаңа психологияға бейімделетінін де ойлады деп білемін. Расында да, елді жердің орта тұсынан басқарудың экономикалық тұрғыдан артықшылықтарынан сана өзгерісі сипатындағы артықшылықтарының салмағы тіпті де жеңіл тартпайды. Астана ауыстыру арқылы еліміздің тың-тынысы ашылды, дамуына соны серпінділік қосылды. Біздің өзімізге өзіміздің сеніміміз арта түсті. Ел ретінде еңселене түстік. Адам, азамат ретінде арқалана түстік”. Сөз жоқ, дәл солай.

Жақсыбековтің мұнан кейінгі жақсы жұмысы Индустрия және сауда министрі қызметінде көрінді. Біз бұл арада сан-салалы істің ел өмірінде ерекше орны бар екі бағытын ғана айтайық.

Оның бірі – Президент тапсырмасы бойынша талдап-жасалынған Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы. Еліміздің шикізатқа тәуелділіктен құтылу қамында жасаған бұл қадамы Қазақстанның бәсекеге барынша қабілетті елдер қатарына қосылуының үлкен белесі болды. Басқасын былай қойып, 2007 жылғы республика бюджетінің алғаш рет мұнай мен газдан түсетін табысты Мұнай қорына бөлек жатқызып жасалуын алсақ та бағдарламаның қазірдің өзінде қандайлық нақты нәтижеге жеткізгенін көреміз.

Министр қызметінде Әділбек Жақсыбековтің тындырған тағы бір шаруасы – 2005-2007 жылдарға арналған Тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламасын жасауды үйлестіруі. Әрине, министрлік бұл істі Президент тапсырмасымен, Үкімет басшысының бақылауымен, өзге де министрліктердің, банктердің араласуымен атқарды. Сонымен бірге, бағдарламаның орталық, жұмысшы органы Индустрия және сауда министрлігі болды. Кейінгі екі-үш жылдың ішінде Қазақстан келбетін өзгерткен факторлардың арасында қалада да, далада да қарқын алған үй құрылысын алдымен айтар едік. Жақсыбековтің кәсіпкер, практик, менеджер ретіндегі қасиеттерінің жаңаша көрінуіне осы бағдарлама мол мүмкіндік жасады. Министр тұрғын үй салуда мемлекетке түсер салмақты барынша азайтудың, оның орнын жеке инвестицияларды көбейту мен өз бетінше үй тұрғызатындарға қолдау көрсету есебінен толтырудың тетіктерін таба білді. Бүкіл ел көлемінде құрылыс индустриясына тың тыныс ашылды. Талайлар оның жемісін қазірдің өзінде татып үлгерді. Бағдарламаны жүзеге асыру 45 мың жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік жасады.

Әділбек Рыскелдіұлын министр қызметіне тағайындарда Президент: “Мен оны жұмыстың өте күрделі жеріне жұмсап отырмын. Оның міндеті индустриялық даму бағдарламасын жүзеге асыру, оған Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіру жөніндегі келіссөздерді бастау да жүктеледі”, деген болатын. Бүгінде ол міндет те орындалуға тақау қалды.

Әкім қызметін де, министр қызметін де абыройлы атқарған Ә.Жақсыбековтің осыдан дәл екі жыл бұрын, 2004 жылғы 8 желтоқсанда Президент Әкімшілігінің Басшысы қызметіне тағайындалуы заңдылық еді дей салуға да болар. Бірақ бұл,



біздіңше, дәл осы қызметтің салмағын жеңілдетіп сөйлеу. Елбасымыз Алаштың айтулы азаматы Иманғали Тасмағамбетовке елдің ең ірі мегаполисін сеніп тапсырған сол тұста босаған орынтаққа жайғасады-ау дегендердің арасында Жақсыбеков жүрген де шығар, әйтсе де, сол тізімнің дәл алдында тұра қоймағаны анық. Неге дейсіз ғой? Жақсыбековтің табысты кәсіпкер болғаны рас, Жақсыбековтің білгір бизнес-менеджер болғаны рас, Жақсыбековтің стратег-экономист болғаны рас, бірақ біз Жақсыбековтің саясаткер ретінде көрінген кезін көп біле қоймайтынбыз. Оның үстіне Президент сайлауына да бір-ақ жыл қалған еді. Сондықтан Елбасының сол тұстағы кеңесшісі Ермұхамет Ертісбаевтың: “Президент саяси технологтарының іс-әрекетін бизнесте тамаша ұйымдастырушылық қабілетін танытқан, жариялы және аппараттық саясаттың мол тәжірибесін жинақтаған Әкімшілік Басшысы Әділбек Жақсыбеков үйлестіріп отыр”, деген сөзі талайдың таңданысын туғызғаны есте. Көп ұзамай-ақ жұртшылық Жақсыбековтен саяси менеджменттің де шыңдалған шебері шыққанын көріп, бұрынғы қызметіне тәнті болып жүргендер: “Бәсе, ол қай шаруаны да үйіріп алып кетеді” деп сүйсінсе, басқалар бірден мақтауға көшпегенмен, “Бұл өзі оңайлықпен шағылатын жаңғақ емес екен” деуге айналды, аз уақыттың аясында солай екеніне көздері де жетті.

Президент сайлауында халық өз таңдауын жасап, айдай әлем таныған Азаматын ақбоз атқа қайта қондырған тұста да Президент Әкімшілігі Ердің жеңісін Елдің жеңісі, Елдіктің жеңісі ретінде айшықты атап өте алды. Ақордадағы Президент инаугурациясы өзінің мән-мағынасы жағынан да, сән-салтанаты жағынан да, өркениеттілік өрімдері жағынан да, хаттамалық қалтқысыздығы жағынан да Қазақстанның қазіргі қарышты қадамына, үшінші мыңжылдықтың басында айбыны асқан Алаштың абыройына лайықты шықты.

Президент Әкімшілігін басқару тұрмақ, сонда қандай да бір қызмет атқарудың өзі қаншалықты қиын, қаншалықты жауапты екенін айтып жатудың өзі артық. Ақорда – ел жүрегі, тәуелсіздік тірегі. Онда дайындалатын әр қызметтік жазба, әр құжат жобасы ел тағдырына әсер етіп жатады. Сонан да әншейінде жүзінен жарқын күлкісі кетпейтін Жақсыбеков аппарат жиналыстарын тас-түйін өткізеді, қалаған қағазын

қалаған уақытында дайын еткізеді, Елбасына керек кезінде жеткізеді деседі онымен бірге жұмыс істейтін азаматтар. Бір жауапты қызметкер біздің: “Әділбек Рыскелдіұлының басты қасиетін бір сөзбен қалай сипаттар едіңіз?” деген сұрағымызға: “Әділдік. Ол кісінің аты затына сай – әділ бек”, деп жауап берді.

Біз тақырып етіп сол сөзді алып отырмыз.

Авторы: Сауытбек Абдрахманов.

“Егемен Қазақстан”